

Бүгінгі жас маман келер ұрпақтың сәулеткері

Макажанова Динара Тлеуовна
Приозерск қ. №2 жалпы орта білім беретін мектебінің
директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

Бүгінгі мектептің басты міндеті - өзіндік ой- көзқарасын ашық айта алатын, өмірге бейім тұлға қалыптастыру болса, оған мұғалімнің шәкіртіне деген сүйіспеншілігі, оны тұлға ретінде бағалауы баланың адамдық қасиеттерінің дамуына басты кепіл бола алады.

Бүгінгі таңда мектебімізде ұстаздардың көпшілігі жас маман. Бүгінгі қоғамды алға жетелейтін жастар. Себебі, елдің елдігін де, жердің кеңдігін де танытып, әлемге паш ететін бүгінгі жастар қауымы екені сөзсіз. Кешегі студент – бүгінгі жас маман. Мектепке келген жас маманды үйретіп, білік – дағдысын қалыптастыру бұл үлкен міндет. Оған мектеп әкімшілігі, тәлімгер мұғалімдер, бірлестік жетекшілері және жалпы тәжірибелі мұғалімдер жауапты деп ойлаймын. Алдымен жас маманның кәсіби іс әрекетін анықтап алсақ. Кәсіби іс – әрекет - қазіргі адам өмірінің құрамдас бөлігі. Тұлғаның кәсіби карьерасы неғұрлым сәтті құрылуы, тек оның өз өмірімен қанағаттануы ғана емес, сонымен қатар гармониялық дамуына да тәуелді. Тұлғаның кәсіби дамуына маңызды дәрежеде қызметтің бірінші жылдары өте үлкен әсерін тигізеді, өйткені бұл кез жас маман үшін сынақ мерзімі ретінде саналып, маманның болашақ әлеуметтік және кәсіби ортада өз позициясын анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар болашақ кәсіби карьерасы үшін фундамент ретінде есептелініп, оның қаншалықты сәтті болуы анықталады. Жас мамандардың кәсіби бейімделуін жаңа еңбек жағдайына ену процесі ретінде қарастыруға болады. Мұндағы тұлға мен кәсіби орта өзара бір-біріне әсер етіп, ұжымның ішіндегі қарым қатынас пен жаңа әрекеттестіктің жүйесін құрады. Жас маман жаңа жұмыс орнына келгенде, ұйым ішіндегі кәсіби және әлеуметтік психологиялық қарым қатынас жүйесіне белсенді қосылады, жаңа нормалар мен құндылықтарды меңгереді, өзінің жеке позициясын өндірістің мақсат мүдделерімен келістіреді. Сондықтан жас қызметкер үшін, оның тұлғалық ерекшеліктері жаңа жұмыс орнында ұсынылған ұйымдық шарттарға максималды түрде сәйкес келуі өте маңызды. Мектеп мұғалімінің пәндік-теориялық және әдіснамалық білім негіздері.

Қорытынды сөзімді, Нұрсұлтан Әбішұлының мына бір сөздермен аяқтағым келіп тұр: «Әлемнің әміршісі – еңбек». Мектепте педагогтың жеке біліктілігін арттыру картасы бөлімдері бойынша тиімді жұмыстанатын жас маман шындалып, өз мамандығының майталманы болатындығы сөзсіз. Ол үшін үнемі, қажымай еңбектену керек.